

**Әкімнің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 19 "Шандақ ауылдық округінің Крамское ауылының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 26 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 9684 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Камышин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әкімнің "Шандақ ауылдық округінің Крамское ауылының құрамдас бөлігін атауы туралы" 2008 жылғы 19 қарашадағы № 19 шешіміне (2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-124 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Камышин ауылдық округінің Крамское ауылы елді мекенінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы";

кіріспеде "Шандақ ауылдық округінің" сөз тіркесі "Камышин ауылдық округінің" сөз тіркесімен ауыстырылсын;

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Крамское ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар:

атауы жоқ № 1 көшеге - Полевая көшесі;

атауы жоқ № 2 көшеге - Мира көшесі берілсін.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы алынып тасталсын.

2. "Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК